

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 3, 7-тармақтарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты (бұдан әрі – Аппарат) туралы ереже;

2) алып тасталды - ҚР Президентінің 18.03.2019 № 880 Жарлығымен;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 18.03.2019 № 880 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігімен, Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен және Қазақстан Республикасының Жоғары Сотымен бірлесіп, осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2015 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 137 Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты туралы ЕРЕЖЕ

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты (бұдан әрі – Аппарат) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Аппарат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Аппарат азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Аппаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Аппарат өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Аппарат басшысының өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

7. Аппараттың құрылымын Кеңестің Төрағасы бекітеді. Аппараттың жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 18.03.2019 № 880 Жарлығымен.

8. Аппараттың заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, 1B-кірберіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

9. Аппараттың толық атауы – "Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Аппараттың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Аппараттың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Аппаратқа өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау жөнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

2-тарау. Аппараттың міндеттері мен өкілеттіктері

Ескеरту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

13. Алып тасталды – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Аппараттың негізгі міндепті Кеңестің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

15. Функциялары:

1) Кеңестің өкілеттігін қозғайтын мәселелер бойынша Төрағаны және Кеңес мүшелерін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету;

2) Кеңестің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

3) заңнамаға сәйкес Кеңес жанындағы Біліктілік комиссиясының қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне Кеңестің жұмысы және сот жүйесіндегі кадр жұмысының жай-қуйі туралы ақпарат дайындау;

5) Кеңестің отырыстарын дайындауды қамтамасыз ету;

6) Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету (бакылау);

6-1) Кеңестің судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеуі кепілдіктерін қамтамасыз етуі жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;

7) Кеңестің аудандық және оған теңестірілген сот (бұдан әрі – аудандық сот) судьясының, облыстық және оған теңестірілген соттың (бұдан әрі – облыстық сот) сот алқасы төрағасының, судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына орналасуға конкурстық іріктеуді өткізуін ұйымдастыру;

8) аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының, судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысатын адамдардың құжаттарын қойылған талаптарға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала қарау;

8-1) Кеңестің аудандық соттар төрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды өз кандидатурасын дербес ұсынған адамдар және (немесе) кадр резервінде тұрған адамдар қатарынан іріктеуін ұйымдастыру;

9) Кеңестің қарауына шығарылатын ұйымдық-кадрлық және басқа да мәселелер бойынша, оның ішінде Кеңестің:

облыстық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларға қатысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсыныстарын;

аудандық соттар төрағаларының бос лауазымдарына сайланған адамдарға қатысты облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстарының қорытындыларын;

Жоғарғы Сот Төрағасының бос лауазымына кандидатураларды;

конкурстан тыс тәртіппен Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидатураларды;

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында көзделген жағдайларда судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды конкурссыз тағайындау мәселелерін;

Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының, жергілікті және басқа соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының отставка нысанында өкілеттіктерін тоқтату, отставканы тоқтату мәселелерін;

сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайтылған жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда судья басқа сотқа, басқа мамандануға аудисудан бас тартса, оларды атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, өкілеттіктер мерзімі өткен жағдайларда, егер жергілікті және басқа соттардың төрағалары, сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда сот төрағасы, сот алқасының төрағасы басқа сотқа, басқа мамандануға аудисудан бас тартса, оларды атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

Жоғарғы Сот судьяларының саны азайтылған жағдайда, егер Жоғарғы Соттың судьялары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда Жоғарғы Соттың судьясы басқа сотқа, басқа мамандануға аудисудан бас тартса, оларды атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

өкілеттіктер мерзімі өткен жағдайларда, егер Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы басқа сотқа, басқа мамандануға аудисудан бас тартса, оларды атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

судьялаузынына алғаш рет тағайындалған, сайланған адамның бір жыл мерзім өткеннен кейінгі жұмыс нәтижелерін және Жоғарғы Сот жаңындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия) судьяның кәсіби қызметін оң бағалаған кезде Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша оны бекіту туралы мәселенің шешімін;

Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі негізінде кәсіби жарамсыздығына орай, сондай-ақ судья өкілеттіктерін өз тілегі бойынша тоқтатқан, судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және оны басқа жұмысқа ауыстырған, зейнеткерлік жасқа немесе судьялаузының болудың шекті жасына толған жағдайларда атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

медициналық қорытындыға сәйкес кәсіби міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі келтіретін деңсаулық жағдайына байланысты судья өкілеттіктерін тоқтатқан, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы соттың шешімі, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды құшіне енген, қылмыстық іс ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі сатыда тоқтатылған, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған, судья қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы соттың шешімі заңды құшіне енген жағдайларда Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін немесе "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының талаптарын орындағаны үшін Сот жюриі шешімінің негізінде Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын және судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағаларын және судьяларын атқарып отырған лауазымынан босату мәселелерін;

зейнеткерлік жасқа немесе шекті жасқа толғаннан кейін судьялаузында болу мерзімін ұзарту мәселелерін;

сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган басшысының лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсыныстарын;

Сот жюриі және Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімдеріне судьялардың шағым жасау туралы өтініштерін;

Қазақстан Республикасының Президентіне судьяны ұстап алуға, күзетпен ұстаяуға не үйқамаққа алуға, оны күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік

жазалау шараларын қолдануға, судьяны қылмыстық жауаптылықта тартуға келісім беру туралы мәселені шешу үшін қорытынды ұсыну туралы мәселелерді;

судьялардың жалпы штат санын, әрбір жергілікті және басқа соттың судьялар санын белгілеуге келісім беру туралы мәселелерді;

аудандық сот төрағасының, облыстық сот төрағасының, сот алқалары төрағаларының және судьясының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және судьясының лауазымына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) жасақтау мәселелерін қарауы бойынша талдамалық және өзге де материалдарды дайындау;

10) жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен алқа төрағаларын, судьяларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы жарлықтардың жобаларын әзірлеу;

10-1) Сот жюриінің, Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Біліктілік комиссиясының, Конкурстық іріктеу жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз ету;

11) сот жүйесін және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

11-1) Кеңестің судья корпусының сапалық құрамын жақсарту, кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету;

11-2) Кеңес регламентінің жобасын дайындау;

12) судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдау, судья лауазымына орналасу үшін біліктілік емтихандарын тапсырған, Кеңестің ұсынымын алған, соттарда тағылымдамадан өткен және облыстық соттардың және оларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстарының қорытындыларын алған, сондай-ақ Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясын аяқтаған адамдардың есебін жүргізу бойынша Кеңестің өкілеттіктерін қамтамасыз ету;

12-1) жыл сайынғы Сот жүйесіндегі судья кадрларының жағдайы туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну, оның кейін жариялауын қамтамасыз ету бойынша Кеңес өкілеттігін қамтамасыз ету;

13) судьялардың электрондық дербес есебін жүргізу бойынша Кеңестің өкілеттіктерін қамтамасыз ету;

14) Кеңестің басқа да мемлекеттік органдармен, басқа мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

14-1) Кеңестің:

кадр резервін қалыптастыру және онымен жұмысты ұйымдастыру тәртібін;

Кеңес жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия төрағасының кандидатурасы мен комиссия құрамын;

Кеңес жанындағы Сот жюриі құрамын бекіту жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;

14-2) Кеңестің:

судьялыққа кандидаттардың психологиялық тесттен өту тәртібін айқындау;

судьяға күелік беру тәртібін белгілеу;

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;

15) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

15-1) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының бюджеттік шығыстарын қарау, келісу және бекіту;

15-2) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды келісу;

15-3) сот оқуы, судьялардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

16) Аппаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681; 18.03.2019 № 880; 10.06.2023 № 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз)

Жарлықтарымен.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан, ұйымдардан және азаматтардан қажетті құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен сұрату;

2) мемлекеттік органдардың ақпараттық дерекқорын белгіленген тәртіппен пайдалану;

3) Аппаратқа жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша жұмысты қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тaraу. Аппарат басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

Ескерту. 3-тараудың такырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

17. Аппаратқа басшылықты басшы жүзеге асырады, ол Аппаратқа жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

Аппарат басшысы лауазымы бойынша Кеңестің хатшысы болып табылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Аппарат басшысын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады.

18-1. Аппарат басшысының орынбасарлары болуы мүмкін, оларды Аппарат басшысының ұсынуы бойынша Кеңес Төрағасы лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады.

Аппарат басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындауды.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.06.2024 № 570 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі)

Жарлықтарымен.

19. Алып тасталды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 **Жарлығымен.**

20. Аппарат басшысының өкілеттіктері:

1) Аппараттың қызметін ұйымдастырады;

2) Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына шығарылатын мәселелердің тізбесін қалыптастырады және бұл туралы Төрағаға күні бұрын баяндайды;

3) отырыс хаттамаларының, Кеңес қабылдаған ұсынымдардың, қорытындылар мен хаттамалық шешімдердің үзінді көшірмелеріне қолын қойып растайды;

4) қажет болған кезде тексеру ұйымдастырады;

5) Кеңес отырысына шақырылатын адамдардың тізімін айқындауды және олардың келуін қамтамасыз етеді;

6) Төрағаның өкімдерін және Кеңестің шешімдерін орындауды;

7) Кеңестің ғалым зангерлер және адвокаттар қатарынан мүшелерінің лауазымдық айлықақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекітеді;

8) Аппаратқа басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

9) Аппараттың қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

10) Кеңес Төрағасымен келісу бойынша Аппараттың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

11) Аппаратта атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын бақылайды;

12) Кеңестің мемлекеттік сатып алу саласына басшылықты жүзеге асырады, оның ішінде төлем шоттарына қол қояды;

13) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының штат кестесін келіседі;

14) Кеңес жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсken ақшаны жұмсау қағидаларын бекітеді;

15) Кеңес қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырады және оның өткізілуіне жауап береді;

- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Аппарат қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;
- 17) Аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 18) Аппарат қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу мен сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;
- 19) Аппарат қызметкерлерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;
- 20) бюджеттік өтінімді дайындауды, бюджеттік өтінімді Кеңес Төрағасына ұсынуды, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;
- 21) Кеңес органын қаржыландыру жоспарларын және қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;
- 22) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста өз құзыretі шегінде Кеңестің атынан өкілдік етеді;
- 23) Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын өз құзыretі шегінде қамтамасыз етеді;
- 24) Кеңес жұмысының ұйымдастырылуын жақсартуға бағытталған шараларды қолданады, Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 25) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастырады;
- 26) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды орындауды.

Аппарат басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

4-тарау. Аппараттың мүлкі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Заңнамада көзделген жағдайларда Аппараттың жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Аппараттың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Аппаратқа бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Аппарат өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату

Ескеरту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

25. Аппаратты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 137 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ

Ескерту. Құрылым алып тасталды - ҚР Президентінің 18.03.2019 № 880 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 137 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-күжат):

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты	25
---	----

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты	13
---	----

"

2. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

3. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

4. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 52-құжат):

1-тармақтағы "369" цифрлары "368" цифрларымен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымында:

төртінші жол алып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 12-13, 116-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде:

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының (бұдан әрі – Мемлекеттік хатшы), Қазақстан халқы Ассамблеясының және Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;";

22-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Мемлекеттік хатшының, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру және құжаттамалық қамтамасыз етуді, олардың шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Әкімшіліктің құрылымына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы (бұдан әрі – Әкімшілік Басшысы), Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Әкімшілік Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері, Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен өзге де қызметкерлері кіреді.".

24-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) тұрақты негізде Әкімшіліктің Парламентпен, оның Палаталарымен, Парламент Палаталарының жұмыс органдарымен және аппараттарымен; Үкіметпен және Премьер-Министр Кеңесімен; министрліктермен және өзге де орталық атқарушы органдармен; Конституциялық Кеңеспен; Жоғарғы Сотпен; Жоғары Сот Кеңесімен, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен; облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерімен, мәслихаттарымен; саяси партиялармен және өзге де қоғамдық бірлестіктермен; бұқаралық ақпарат құралдарымен; жеке және занды тұлғалармен байланысын қамтамасыз етеді;";

32-тармақта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне судья лауазымына кандидаттарды іріктеумен байланысты емес мәселелер бойынша;";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге: Әкімшілік Басшысының орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Президенттің көмекшілері, Президент Кеңесінің бастығы, Президенттің кеңесшілері ие болады".

6. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы № 3315 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы:

жоғарыда аталған Жарлықтың 2) тармақшасының 1-тармағында:

мынадай жол:

"

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), оның ішінде: облыстардағы, астанадағы және респубикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдар (сот кеңселері)	6233
	6005

"

мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), оның ішінде: облыстардағы, астанадағы және респубикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдар (сот кеңселері)	6221
	5993

".